

**Ақмола қаласында және оның ықпал аймақтарында жоғары және орталық мемлекеттік органдарды орналастыру үшін ғимараттарды жобалауға және салуға арналған тендерлер өткізу жөніндегі Ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 28 маусым N 815. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.07.03. N 1056 қаулысымен. ~P971056

Жаңа астананы - Ақмола қаласын және оның ықпал аймақтарын ұтымды және тиімді салуға жағдай жасау, жұмыстарды қысқа мерзімде сапалы орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақмола қаласында және оның ықпал аймақтарында жоғары және орталық мемлекеттік органдарды орналастыру үшін ғимараттарды жобалауға және салуға арналған тендерлер өткізу жөніндегі ұсынылып отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аймақтарда құрылыс салу министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің және Қаржы министрлігінің келісімі бойынша мүдделі министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің қатысуымен бір ай мерзім ішінде Ақмола қаласында және оның ықпал аймақтарында ғимараттар мен құрылыстар салу жөнінде шетелдік фирмалармен контрактілер жасасу туралы Ереженің жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынсын.

3. Тендер жеңімпазы екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарды құрылыс салу министрлігінің Мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасына сәулеткерлік-жоспарламалық және техникалық шешімдерін қарау үшін техникалық-экономикалық негіздемені /жобаны/ ұсынатын болып белгіленсін.

4. Осы қаулының күші қолданылмайтын объектілер бойынша тендерлер

мен саудаластық өткізген кезде тапсырыс берушілер мен құрылыс салушылар Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі бекіткен және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен 1994 жылғы 7 қазанда N 01-1735/15 және N ФГ-18-21-1845 Құрылыста мердігерлік конкурстар мен саудаластықты /тендерлерді/ дайындау мен оны өткізу жөніндегі Уақытша ережеде белгіленген тәртіпті басшылыққа алуы қажет.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 28 маусымдағы  
N 815 қаулысымен  
бекітілген

Ақмола қаласында және оның ықпал аймақтарында жоғары және орталық мемлекеттік органдарды орналастыру үшін ғимараттарды жобалау мен салуға арналған тендерлер өткізу жөніндегі  
ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1. Ақмола қаласында және оның ықпал аймақтарында жоғары және орталық мемлекеттік органдарды орналастыру үшін ғимараттарды жобалау мен салу жөніндегі жұмыстарды орындау құқығы тек қана тендерлік негізде көзделінеді.

#### 2 . Т е н д е р л е р д і :

жоғары мемлекеттік органдарды орналастыру үшін ғимараттар мен құрылыстар бойынша - Қазақстан Республикасының Үкіметі;  
орталық мемлекеттік органдарға арналған ғимараттар мен құрылыстар бойынша - комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің, Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік

комиссияның, жергілікті сәулеткерлік органдардың, қаржыландырушы банктің өкілдерін міндетті түрде енгізе отырып, министрліктер мен тапсырыс беруші комитеттер тағайындаған тендерлік комиссиялар өткізеді.

Тендерлік комиссиялардың қажет болған жағдайда сарапшылар мен консультанттарды жұмысқа тартуға құқы бар.

#### 3. Тендердің мәні:

жобалау-іздігіру жұмыстарын;  
ғимараттар мен құрылыстар салуды;  
ғимараттар мен құрылыстарды жобалауды және салуды;  
күрделі және бірегей жабдықтар жасауды, беріп тұруды және шеф-монтаждауды;  
мердігерлік және қосымша мердігерлік жұмыстардың басқа да түрлерін орындаушыны айқындау болып табылады.

"Құрылыс" сөзі - ғимараттар мен құрылыстарды "жаңадан салу", "кеңейту", "қайта жаңарту" және "күрделі жөндеу" дегенді білдіреді.

4. Шетелдік процедуралық-келісімдік немесе байланыстық займдар мен кредиттері қаржыландырудың көзі ретінде тартқан жағдайда тендерлер займ берушілер немесе кредиторлар белгілеген тәртіп пен шарттарға сәйкес өткізіледі.

## ТЕНДЕРЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

5. Тапсырыс беруші - құрылыс салушы ақылы негізде тендер ұйымдастыруды және тендерлік комиссияның жұмысын қамтамасыз етеді.

6. Жоғары мемлекеттік органдардың объектілері бойынша жабық тендерлер, ал орталық мемлекеттік органдардың объектілері бойынша тапсырыс берушінің қалауы бойынша жабық және ашық тендерлер өткізіледі.

7. Жоғары мемлекеттік органдардың объектілері бойынша тендерлерді өткізу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал орталық мемлекеттік органдардың объектілері бойынша министрліктер мен тапсырыс беруші-комитеттер қабылдайды.

8. Тендердің шарттары мен тендерлік тапсырмалар дайындауды тапсырыс беруші жүзеге асырады және тендерлік комиссия бекітеді. Тендерлік шарттарға: тендер тақырыбы, тендерлік жұмыстың орындалу мерзімі; мекен-жайы анық көрсетілген тендерлік құжаттарды ұсынатын жері; тендерлік құжаттары бағалау белгісі /құны және құрылысты салудың ұзақтығы, үй-жайдың сәулеттік бейнесі, құрылыстың сапасы және басқалар/ е н е д і .

9. Тапсырыс беруші-ұйым әлеуетті қатысушыларға мыналарды қамтитын тендерлік шарттар, тендерлік тапсырмалар жібереді;  
қ а т ы с у ғ а ш а қ ы р у д ы ;  
қатысушыларға арналған нұсқау /1-қосымша/;  
жобалауға арналған бастапқы деректер /инженерлік-геологиялық

іздістірулердің және топографиялық зерттеулердің материалдары, қайта жаңарту мен күрделі жөндеу болған жағдайда - өлшем сызбалары, сондай-ақ сыртқы инженерлік көздерге қосымша тартудың тәсілдері мен мүмкіндіктері немесе жеке қондырғының құрылғысы туралы мәліметтер/.

10. Тендерге қатысушылар комиссияға қатысушының сауалнамасын /2-қосымша/, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген заңдар мен нормативтік актілерге жауап беретін техникалық-экономикалық көрсеткіштер /жобасы, жұмыс жобасы/ ТЭН, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы және АҚШ долларындағы келісім бағасының жобасын ұсынады.

Шетелдік қатысушылар үшін құрылыс-монтаж жұмысы көлемінің кем дегенде 30 процентін орындауға қазақстандық құрылыс ұйымдарын тартуға міндетті түрде шарт қойылады.

### III. ТЕНДЕРЛЕРДІ ӨТКІЗУ

11. Қатысушы тендерлік комиссия олар берген ұсыныстарды қараған және тендерлік комиссия тендерге қатысуға жіберу туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тендерге қатысушы мәртебесіне ие болады.

12. Тендерлік комиссия:

тендерлік шарттар бұрмаланып жасалған;

бәсекелестікті шектеу мақсатында берілген;

қатысушылар банкрот болып жарияланған немесе өзінің біліктілігі, өндірістік қуаттары мен қаржылық сенімділігі туралы жалған дерек дайындап берген ;

баға және орындау ұзақтығы бойынша балама ұсыныстарды қабылдамайды.

13. Девизи бар конверттерді ашу кезінде жабық тендерді өткізген жағдайда жоғары ұйымдардың өкілдері немесе тапсырыс берушінің басшылары қатысады, қатысушыларға мұндай құқық берілмейді.

Сонымен бір мезгілде ұсыныстары бар конверттерді аша отырып хаттама жасалады, онда тендердің объектісі бойынша тендерге қатысушылардың саны, олар ұсынған техникалық-экономикалық көрсеткіштер көрсетіледі.

14. Ұсыныстарды бағалауға және тандауға қатысу құқығы тек тендерлік комиссияның мүшелеріне ғана беріледі.

15. Тендерлік комиссия ұсыныстарға баға беру кезінде мынадай факторларды /объектінің мақсатына қарай маңыздылығы жөнінде/:

ұсыныстардың техникалық деңгейін;  
инвестициялардың есеп айырысу көлемі мен пайдалану шығындарын;  
төлемдердің ұсынылған шарттарын;  
басқа да коммерциялық, техникалық және ұйымдастыру ұсыныстарын  
е с к е р е д і .

16. Тендерлік комиссия ұсыныстарды бағалауды ұсыныстар көрсеткіштерінің қарапайым немесе баллдық бағалау әдісімен жүзеге асырады.

17. Жеңімпаздарды таңдау тендерлік комиссия мүшелері санының 2/3-і қатысқан жағдайда қарапайым көпшілік дауыспен жүзеге асырылады.

18. Қабылданған тендерлік құжаттар бойынша ұсыныстарды қарау

қорытындысы тендерлік комиссияның хаттамасымен ресімделеді.

19. Тендерлік комиссияның хаттамасын осы комиссияны тағайындаған орган бекітеді және тендердің өткізілгені мен оның жеңімпазы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

20. Егер:

бірде-бір ұсыныс түспеген немесе барлық түскен ұсыныстар тендердің шарттарына сәйкес келмеген;

тек бір ғана ұсыныс түскен;

тендер өткізудің негізі өз күшін жойған жағдайда, тапсырыс беруші тендер өткізуді кейінге қалдыруы мүмкін.

## 1-қосымша

Тендерге қатысушыларға арналған нұсқау\*

Ескерту:

тендерлік комиссия толтырады және тендерге қатысушыларға тартылады.

1996 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Алматы қаласы

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Нұсқау тендерлік құжаттардың ажырағысыз бөлігі болып табылады және ұсыныстарды жасау мен ұсынудың, сондай-ақ тендер өткізудің тәртібін

а й қ ы н д а й д ы .

Ұсыныстарды жасау кезінде қатысушы Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен басқа да нормативтік актілерін сақтауға міндетті.

Қатысушы тендерге тендерлік құжаттарға және Ереже құрамының

9-тармағында айқындалған осы нұсқауға сәйкес ұсыныс береді.

Ұйымның басшысы қол қойған және \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ мекен-жайы бойынша мөр басып куәландырылған  
ұсыныстар 3 дана етіп, орыс тілінде беріледі.

Ұсыныстар жолдама хатпен бірге желімделген күйде /техникалық және коммерциялық ұсыныс/, конвертінің сыртына тапсырыс берушінің девизи мен мекен-жайы жазылып беріледі.

Ұсыныстар тендерді ұйымдастырушының өкілі берген қолхатпен пошта немесе курьер арқылы қабылданады.

Тендердің шарттары бұзылып немесе одан ауытқи жасалған ұсыныстар қарауға қабылданбайды немесе қабыл алынбайды.

## 2. ҰСЫНЫСТАР ҚҰРАМЫ

Ұсынысқа тіркелген жолдама хат.

Жобалау және салу жөніндегі ұсыныс.

Жобаның техникалық-экономикалық көрсеткіштері жөніндегі ұсыныс.

## 3. ҰСЫНЫСТАРДЫ ДАЯРЛАУ

Қатысушы 199\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ бастап 199\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ дейін жобалауға /салуға/ арналған алаңмен танысуға тиіс.

Объектінің техникалық және /немесе экономикалық көрсеткіштерін, өндіріс жұмыстарын ұйымдастыруды жақсартатын тендерлік құжаттардың талаптарына қатысушылар берген өзгерістер жеке балама ұсыныс түрінде ресімделеді, олар негізгі ұсыныстары болған жағдайда ғана дербес жіберіледі және қаралады.

## 4. БАҒАЛАР

Барлық бағалар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен және АҚШ долларымен белгіленеді.

Қатысушы контрактілік бағаның ведомосын жасайды.

Контрактілік баға ведомосынан қателер байқалған жағдайда:

- а) жазылып көрсетілген қорытынды сома дұрыс дер саналатын болады;  
б) тендер ашылғаннан кейін қатысушыға ұсыныстарға түзету енгізуге мүмкіндік беріледі /берілмейді/.

## 5. ҚАТЫСУШЫНЫҢ КЕПІЛДІГІ

Қатысушы тендерлік кепілдік туралы құжатты, сонымен бір мерзімде ұсыныстар бере отырып, тендерлік құжаттарды алатын мерзімге дейін құрылыстың болжамдық құнынан 1 /бір/ процент мөлшерінде береді.

Кепілдік соманы Сізге тендер жабылғаннан кейінгі 100 күн ішінде тендерлік комиссия қайтарады.

Тендер жұмыс істеп тұрған кезеңде Сіз ұсыныстарды қайтарып алған немесе контракт жасаудан негізсіз бас тартқан жағдайда кепілдік сома қайтарылмайды.

## 6. ТЕНДЕР ТУРАЛЫ ӨЗГЕ ДЕ АҚПАРАТТАР

Ұсыныстарды берудің шекті мерзімі 199 жылдың \_\_\_\_\_

Ұсыныстарды қабылдаудың күндері мен уақыты \_\_\_\_\_

Тендердің ашылу күні мен уақыты \_\_\_\_\_

Тендердің ашылатын жері \_\_\_\_\_

Ашық /жабық/ ұсыныстар бас конверттерді ашу рәсімі.

Ұсыныстарға баға беру мен оларды іріктеу тендер ашылған күннен бастап \_\_\_\_\_ күн ішінде жүргізіледі.

### 2-қосымша

Тендерге қатысушының  
/құрылыс, өнеркәсіп ұйымдарының/  
САУАЛНАМАСЫ

#### 1. Жалпы деректер

---

|Толық заңды атауы|

|\_\_\_\_\_|

---

Занды мәртебесі және	Құрылған		
меншік түрі	жылы		

Жоғары тұрған ведомство	
/отандықтар үшін/	

## 2. Мекен-жайы

Елі	Қаласы		

Пошталық мекен-жай			

Факс	телекс	телефон	

Банктік реквизиттер	

Жетекшісі / Аты-жөні	

## 3. Қазақстан Республикасындағы өкілеттіктің мекен-жайы

Занды мәртебесі	Құрылған жылы		

Аймақ /облыс, аудан/	Елді мекен		

Көшесі	Үйі	Индекс	

Факс	Телекс	Телефон	

Байланысатын тұлға /Аты-жөні/	
-------------------------------	--



телефон мекен-жайы		
--------------------	--	--

#### 4. Қызметінің түрі

Саласы	Қосымша сала	
--------	--------------	--

Құрылыс жұмыстарының түрлері, құрылыс материалдарын шығару бойынша мамандандыру	
---	--

N к/б	Өнімдердің және қызмет көрсетулердің түрлері

Қызмет түрлері мен орналасқан орны көрсетілген өндірістік бөлімшелер	
--	--

Өндірістік байланыстар /құрылыс материалдарын, конструкцияларды және басқаларын негізгі беріп тұрушылар/	
---	--

Жылдық айналым		
----------------	--	--

Ұсынымдар	
-----------	--

Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республика.	
------------------------	-----------------------	--

рыногындағы жұмыс		сының рыногындағы		
тәжірибесі /егер бар		тауарлар мен қызмет		
болса/		көрсетулердің берілген		
		көлемі		
_____				

---

Қазақстан Республикасындағы		
негізгі әріптестер ынтымақ.		
тастық түрлері		
_____		